

КӘСІБИ ДИСКУРС АЯСЫНДАҒЫ СӨЗ ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шалшыкбаева Г.О.¹, *Бактиярова Р.М.²

^{1, *2}Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі таңда кәсіби іс-әрекет адам өмірінің негізгі бір бөлігі болып табылады. Кәсіби іс-әрекеттің күрделілігі мен көп қырлы сипаты сөз қатысымының айтарлықтай өзгермелілігіне алып келеді, себебі қазіргі таңда бұл сала үнемі даму үстінде. Мақаланың басты мақсаты - кәсіби дискурс аясындағы сөз әрекетінің аспектілерін зерттеу арқылы кәсіби дискурс трансформациясының тенденцияларын анықтау болып табылады.

Кәсіби іс-әрекет барысындағы қатысым жалпы сөз әрекетінің маңызды бөлігін құрайды, сондықтан да кәсіби іс-әрекеттегі дискурстың сөз ерекшеліктерін зерттеу ғылыми және практикалық маңызға ие.

Қазіргі тіл білімінде кәсіби дискурсты зерттеудің басты бағыттарына кәсіби тілдердің сипаты, олардың қолданылу аясы, мәтіннің лингвистикалық, когнитивтік ерекшеліктері жатады. Кәсіби қарым-қатынас тілдерін зерттеу барысында кәсіби дискурстың негізгі мақсаттарының жүзеге асуы кәсіби қарым-қатынастағы сөз әрекетінің құрылу ерекшеліктеріне, танымдық сипатына байланысты болатыны анықталады.

Мақалада кәсіби дискурсқа когнитивтік лингвистика әдіснамасы тұрғысынан зерттеу жасалады. Дискурсты лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастыру арқылы мәнмәтін мен алғышарт қамтылған сөз әрекетінің когнитивтік қабатын анықтау, талдау жасалады. Когнитивтік-дискурсивтік талдау сөз әрекетінің мән-жайларын талдауды қамтиды, себебі контекстік орта лингвистикалық құралдарды таңдауға әсер етеді.

Қазіргі лингвистикада кәсіби қарым-қатынастың негізгі ұғымдарын, фреймдік құрылымын, концепт саласын, менталдық құрылымын, әлемнің кәсіби бейнесін зерттеуге маңызды орын беріледі. Мақалада кәсіби қарым-қатынастың негізгі ұғымдарын және олардың фреймдік құрылымын анықтау мен талдау, кәсіби менталдық кеңістікті зерттеу жасалады. Кәсіби қарым-қатынасты іске асыру сөз серіктестерінің кәсіби қатысымға өзара бейімделуін қажет етеді, сонымен қатар тілдік құралдарын барабар таңдау және оларды дұрыс қолдана алу қажет, тек осындай жағдайда ғана тілдік қатысым өз мақсаттарын, міндеттерін толық түрде жүзеге асыра алады.

Мақаладағы зерттеу жұмысының теориялық және практикалық құндылығы - кәсіби қарым-қатынастың дискурсивті аспектілерін қарастыру арқылы кәсіби қатысымға әсер ететін және оның ағымын анықтайтын факторлар сипатталады, кәсіби дискурс аясындағы қатысымды оңтайлы құрылымдау мүмкіндіктері айқындалады.

Кәсіби дискурстың қалыптасуы мен дамуына байланысты теориялық және практикалық аспектілерін зерттеу кәсіби қатысым мәселелерін шешу үшін өзекті, әрі маңызды болып табылады. Яғни, кәсіби сөз әрекетін және оның ерекшеліктерін лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу арқылы дискурс теориясын жаңа қырынан зерттеу, сонымен қатар заманауи өзгерістерге орай кәсіби қатысым үрдісіндегі сөз ерекшеліктерін анықтау жүзеге асады.

Тірек сөздер: когнитивтік лингвистика, кәсіби дискурс, лингвокогнитивтік зерттеулер, кәсіби қарым-қатынас, фрейм, менталдық кеңістік, мәнмәтін, таным

Кіріспе

Жаһандануға байланысты қоғамдағы кәсіби қарым-қатынастың өркендей түсуі кәсіби сөз әрекетінің маңыздылығын арттыра түседі. Тілдегі өзгерістер, атап айтсақ, кәсіби тілдегі өзгерістер кәсіби қатысымды зерттеу қажеттілігін туындатады. Кәсіби тіл белгілі бір қызмет саласын, іс-әрекеттер аясын қамтиды, яғни бұл белгілі бір кәсіп саласындағы адамдардың институционалдық қарым-қатынасы болып табылады. Кәсіби қарым-қатынас әлеуметтік тәжірибе ретінде әрбір адамның өмірінде ерекше орын алады, яғни кәсіби тілдік қатысым жалпы сөз әрекетінің маңызды бөлігін құрайды. Қажетті деңгейде қатысым жасай алу, сөз актілерін кәсіби түрде жүзеге асыра алу кез-келген сала маманы үшін қажет болып табылады.

Кәсіби қызметке байланысты барлық қарым-қатынас түрлерін, оның жазбаша немесе ауызша түрлерін, ресми немесе бейресми жағдайлардағы сипаттарын, ерекшеліктерін білу және меңгеру арқылы тиісті деңгейде кәсіби дискурс құру мүмкін болады.

Адам үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүреді, осы әлемді тану барысында қоршаған дүниемен қарым-қатынас жасайды, ал бұл негізінен тілдің көмегімен жүзеге асады. Л.Витгенштейн: «*Менің тілімнің шекарасы, менің әлемімнің шекарасын білдіреді*», - деп жазды [1, 80-б.]. Осыған сәйкес адамның дүниедегі негізгі іс-әрекеті тілмен байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында кәсіби тіл маңызды қарым-қатынас құралына айналып отыр. Кәсіби тілдегі мәтіндерді, дискурсты құрудың ерекшеліктерін зерттеу халықаралық деңгейде кәсіби барабар қатысым жасау үшін аса маңызды болып табылады. Күнделікті өмірдегі қажеттілігіне байланысты кәсіби дискурс бүгінгі таңда қызығушылық туындап отырған зерттеу саласы болып табылады.

Кәсіби қарым-қатынастың дискурсивті аспектілері Л.С.Бейлинсон (2009), Е.И.Голованова (2013), А.П.Наумова (2013), А.Кондамин (2014), Е.Левсук (2019) және де басқа ғалымдар еңбектерінде зерттелді. Аталған ғалымдар зерттеулерінде кәсіби дискурс кәсіби қауымдастықтың жазбаша, ауызша түрлердегі сөз әрекеті ретінде қарастырылады. Сонымен қатар кәсіби дискурстың тілдік, әлеуметтік, когнитивтік және лингвомәдени аспектілері зерттелді.

Қазақстандық ғалымдар Г.Т.Абикенова, Б.Ж.Абилмажинова, Ш.К.Жаркынбекова, А.И.Ахметжанова, Г.Г.Буркитбаева, Н.И.Ерғазиева, С.К.Ережепова, Ж.Макешова, М.К.Мамбетова, А.Т.Шонайбаева, Б.Е.Карибаева іскерлік тіл мәселелерін, іскерлік тілге лингвистикалық талдау жасау мәселелерін қарастырды.

Қазіргі тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың жетістіктерін ескере отыра, кәсіби дискурс аясындағы сөз әрекетінің ерекшеліктерін лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу өзекті болып отыр.

Когнитивтік лингвистика саласында көптеген қазақстандық ғалымдар еңбектері, зерттеулері жарық көрді. Олар тіл мен ақыл-ой қатысын, когнитивтік үрдістерді жан-жақты қарастырды. М.Копыленко, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Қ.Жаманбаева, Г.Г.Ғиздатов, Э.Сүлейменова, Н.Шаймерденова, Б. Момынова, А.Әмірбекова, Б.С.Жұмағұлова,

З.К.Сабитова, Ш.Жарқынбекова, А.Ислам, Ж.Манкеева және де басқа ғалымдар тіл біліміндегі осы жаңашыл бағытта зерттеулер жасады.

Бұл мақалада көзделген басты мақсат лингвокогнитивтік әдіснама тұрғысынан кәсіби қарым-қатынастың лингвистикалық және когнитивтік аспектілерін зерттеу арқылы кәсіби дискурс ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Мақалада сөз әрекетінің мән-жайлары, сипаты талданады, себебі контекстік орта лингвистикалық құралдарды таңдауға тікелей әсер етеді. Сондай-ақ когнитивтік құрылымдар, олардың сипаты, мазмұны, ерекшеліктері анықталады, бұл аспектілерді қарастыру тіл білімі теориясы мен тәжірибесін дамыту үшін теориялық және практикалық тұрғылардан маңызды болып табылады.

Кәсіби дискурстың бір түрі ретінде авиация дискурсының негізгі фреймдері мен менталдық кеңістіктері қарастырылады. Бұл сала кәсіби дискурс аясындағы тың зерттеу аймағы болып табылады.

Сонымен, кәсіби дискурс белгілі бір кәсіп саласында тиімді тілдік қатысым жасай алу болса және ол үнемі өзгермелі, динамикалы сипатта болса, аталмыш дискурс түрін зерттеу әрқашан да өзекті және заман талабына сай болмақ. Сондай-ақ қазіргі тіл ғылымы адам факторына, адам дүниетанымына және таным барысындағы тіл рөліне басты назар аударып отырғанын атап өткен жөн, сондықтан когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеу жасау аса маңызды зерттеу бағыты болып табылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Әртүрлі салалардағы кәсіби қарым-қатынастың дискурсивтік аспектілерін, кәсіби қарым-қатынастың нақты үдерісін зерттеу мамандықтың тілі мен терминологиясының өзгерістерін болжауға; бұрын сипатталмаған кәсіби коммуникация жанрларын ашуға, зерттеуге; кәсіби дискурс даму тенденцияларын анықтауға; заманауи компьютерлік автоматтандырылған талдау алгоритмдерін құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде кәсіби дискурсты когнитивтік-дискурсивтік парадигма аясында зерттеу кеңінен қолданыс табуда. Мұндай зерттеулерде дискурс үш бағытта қарастырылады:

– біріншіден, дискурс тілдің қолданысы болғандықтан, оны зерттеу мәтінді жан-жақты лингвистикалық талдау болып табылады және де тілдің морфология, синтаксис, лексика, семантика, фонетика сияқты әртүрлі салаларын жан-жақты талдау болып табылады;

– екіншіден, дискурстық формалар, мәтіндердің туындауы мен жағдаяттарын талдауды қажет етеді;

– үшіншіден, дискурс әлеуметтік топтар мен индивидтердің өзара әрекеті ретінде белгілі бір қоғамның әлеуметтік құрылымдары мәнмәтіні аясында зерттелуі керек. Мәнмәтіндік талдауға уақыт, орын, оқиға, әрекет, қатысушылар, қатысушылардың рөлдері әлеуметтік қатынастар, қатысушылардың когнитивтік ерекшеліктерін анықтау жатады.

Мақалада кәсіби дискурстағы сөз әрекетіне когнитивтік-дискурсивтік парадигма аясында когнитивтік-дискурсивтік талдау жүргізу, яғни сөз әрекетінің мән-жайларын сипаттау жасалады. Мұндай талдауда ең басты орында мәнмәтіндік орта қарастырылады, себебі ол лингвистикалық құралдарды таңдауға әсер етеді. Мәнмәтін сөз әрекетін әмбебап танымдық процестермен байланыстырып қана қоймайды, сондай-ақ сөз әрекетіндегі коммуникативтік міндеттер мен прагматикалық мақсаттарды анықтауға, мағыналық тұжырым жасауға негіз болады.

Мақалада зерттеу дереккөздері ретінде француз тіліндегі авиация саласының арнайы кәсіби журналдары: «Le journal de l'aviation», «Airjournal», «Avion Pilote», «Air et Cosmos», «Le Fana de l'Aviation» және олардың электрондық нұсқалары алынды.

Нәтижелер және талқылау

Кәсіби саланың кәсіби қатысым материалдарын талдау арқылы дискурс тілдік үдеріс және интерактивті қатысым нәтижесі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты дискурс сөз әрекетінің өнімі ретінде мәтінге қарама-қарсы қойылады. Мәтін белгілі бір формальды конструкция ретінде түсініледі, ал дискурс экстралингвистикалық факторлармен бірге қарастырылатын оның актуалдануының түрлері болып табылады, яғни дискурс *лингвистикалық және экстралингвистикалық параметрлермен шартталған ақпараттың толық қалыптасқан бірлігі* [2].

Сөз әрекеті және дискурсивті тәжірибелер әлеуметтік белсенділіктің нәтижесі болып табылатыны бірқатар еңбектерде көрсетілген (Т.А.Ван Дейк, Л.С.Бейлинсон, Е.И.Голованова, А.П.Наумова, Г.Г.Буркитбаева).

Дискурс кәсіби әлеуметтенуде маңызды рөл атқарады, бұл үрдіс арқылы адамдар өздерінің кәсіби рөлдерін тиімді орындау үшін қажетті арнайы білімдерді, дағдыларды, көзқарастарды, нормалар мен қызығушылықтарды жинақтайды.

Кәсіби дискурстың ең кең түсінігін Т.А.Ван Дейк береді, ол кәсіби дискурсты үш категорияға бөлуге болады деп тұжырымдайды.

1) кәсіби ішілік дискурс немесе белгілі бір кәсіп аясындағы дискурс, мысалы, ғалымдар арасындағы қарым-қатынасты атауға болады;

2) жеке адамдар немесе әртүрлі кәсіп өкілдері арасындағы кәсіпаралық дискурс, мысалы дәрігерлер мен фармацевтикалық препараттарды сататын адамдар арасында немесе бухгалтерлер мен инженерлер арасында;

3) адвокаттар мен олардың клиенттері арасындағы немесе жарнама берушілер мен олардың клиенттері арасындағы қарым-қатынас сияқты кәсіби тілдік дискурс [3, 154 б.].

Е.И.Голованова «Кәсіби дискурс – вербалдық құралдар арқылы жүзеге асатын, кәсіби сала субъектілері өзара іс-әрекеттер жасайтын, белгілі бір ойлау және мінез-құлық нормалары мен стереотиптері қалыптасқан институционалдық немесе әлеуметтік бағдарланған дискурстың бір түрі» деп анықтама берді [4, 32 б.].

Осы тұжырымдарға сәйкес, шынайы кәсіби дискурс мамандар арасындағы және кәсіби тақырыптағы қарым-қатынаста болатыны анық. Сонымен қатар, кәсіби дискурс белгілі бір нормалар, шектеулер, ережелер аясында және көптеген жағдайларда стереотипті жағдайларда іске асады.

Сондай-ақ зерттеушілер Albertini, Helfner-тің тұжырымдамасы бойынша *La communication professionnelle peut être définie en tant que l'ensemble des informations, des messages, des signaux de toute nature que l'entreprise émet en direction de ses publics cibles ... , et le verbe communiquer en tant qu'action de transmission de ces informations dans le but d'obtenir de la part du destinataire une modification de comportement ou d'attitude* (Кәсіби коммуникацияны компания аудиторияға жіберетін барлық ақпараттар, хабарламалар, сигналдар жиынтығы ретінде анықтауға болады..., ал қатысым жасау етістігі реципиенттің мінез-құлық немесе көзқарастарын өзгерту үшін осы ақпаратты мақсатты түрде жіберу әрекеті ретінде анықталуы мүмкін) [5, 276.]. Француз ғалымы Boutet пайымдауынша: *Les mots ont une grande puissance dans le travail, de sorte qu'aujourd'hui, il n'existe presque pas de métier où la communication ne joue pas un rôle important* (Сөз атаулының маңызы зор, сондықтан бүгінгі күні тілдік қарым-қатынас маңызды рөл атқармайтын кәсіп жоқтың қасы) [6].

Л.С. Бейлинсон функционалды көзқарас негізінде кәсіби дискурсты мамандардың бір-бірімен немесе оларға кеңес беретіндер, кәсіби көмек сұрайтындардың қарым-қатынасы деп анықтайды. Кәсіби дискурстың мәртебесін талқылай отырып, Л.С. Бейлинсон мынадай тұжырым жасайды: *кәсіби дискурс белгілі бір дәрежеде институционалдық дискурс пен үйлеседі, бірақ өте жиі кездесетін жағдай мамандар бір-бірін жақсы біледі және бейресми түрде сөйлесуі де мүмкін, соған қарамастан кәсіби тақырыпта сөйлеседі*. Қарым-қатынастың формальдылығы немесе бейресмилігі кәсіби дискурстың сапасы мен сипаттамаларына әсер ететін тағы бір даусыз фактор болып табылады. Кәсіби мамандар қатаң ресми жағдаятта емес, кәсіби тақырыпта бейресми жағдаятта сөйлессе де, сөз әрекетінің сипаты өзгереді. Ресми жағдайларда, кейбір кездерде бейресми жағдайларда да кәсіби қарым-қатынаста нақты ережелерді, этикеттік нормаларды білу маңызды, өйткені белгілі бір әлеуметтік және кәсіби рөлді орындау қажет болады, белгілі бір сөз стилін пайдалану қажет етіледі. Сондай-ақ, кәсіби коммуникацияның негізгі өзгешеліктерінің бірі қатысушылардың ерекше рөлдеріне тәуелділігі; статустық-рөлдік принцип (бастық – бағынушы, әріптес – әріптес және т.б.) сөз әрекетінің қандай болатынын көп жағдайда анықтайды [7].

Сонымен, ғылыми әдебиеттерді талдау барысында зерттеушілердің көпшілігі кәсіби дискурс түсінігін кәсіби мамандардың сөз ерекшеліктері ретінде қарастырады және де кәсіби қоғамдастық шеңберінде туындаған мәтіндер жиынтығымен байланыстырады деген тұжырым жасауға болады. Кәсіби қоғамдастық немесе қауымдастық институционалдық формация ретінде анықталады. Кәсіби дискурс ұғымын анықтауда көптеген анықтамалардың болуын және оны сипаттауда біркелкі өлшемдердің болмауын байқауға болады. Біздің пайымдауымызша, кәсіби дискурс белгілі

бір мамандық шеңберінде жүзеге асырылады және де кәсіби дискурс – дискурс субъектілері мен объектілері арасындағы кәсіби қарым-қатынасқа жатады.

Кәсіби дискурстың негізгі сипаттарына тоқталсақ, Бейлинсон кәсіби сөз әрекетінің келесі басты параметрлерін анықтайды:

- 1) кәсіби мәнді пәндік аймақ болуы;
- 2) кәсіби салаға тән коммуникативтік стратегиялар болуы;
- 5) кәсіби іс-әрекет білімдері, іскерліктері мен дағдылары болуы [7,145б.].

Яғни, кәсіби дискурс белгілі бір тақырыптық аймаққа бағдарлануымен анықталады және де бір кәсіптік дискурс аясында көптеген жанрлар орын алуы мүмкін.

Бірқатар зерттеушілер кәсіби дискурстың жүйелік параметрлерін былайша анықтайды (Е.И.Голованова, А.П.Наумова, Ю.С. Елагина, Г.Г.Буркитбаева):

– қарым-қатынас мақсаты: өзара тиімді кәсіби қызмет, кәсіби іс-әрекеттерді жүзеге асыру;

– қатысушылар: кәсіби сала мамандары, клиенттер т.б.;

– әлеуметтік хронотоп: қазіргі заманғы кәсіби қызмет қауымдастығы;

– құндылықтар: кәсіпті жүргізу, кәсіптік іс-әрекет атқару, кәсіби нәтижелерге жету, жетістіктерге жету және т.б.;

– кәсіби дискурс стратегиялары: хабар алмасу, диалогтар, келіссөздер, сұхбаттар, тренингтер және т.б.;

– дүниенің жалпы бейнесі: кәсіби тұлғаға тән идеялар, көзқарастар, ұстанымдар т.б.;

– мәтіндердің сипаттамалары: ақпараттық мазмұн, мақсаттылық, диалогқа икемділік, әлеуметтік индекстер мәртебесі, шектеулер т.б.

Л.С.Бейлинсонның пайымдауынша, прагмалингвистикалық аспектіде кәсіби дискурстың ең маңызды құраушы белгісі – мақсаты болып табылады.

Әрі қарай осы кәсіби дискурстың негізгі функцияларына тоқталсақ :

– орындаушылық (әлеуметтік тәжірибе);

– нормативтік (институттың нормалары мен құндылықтарын қолдау);

– презентациялық (стереотиптік қалыптасқан бейнелер болуы);

– парольдер (институт агенттері мен клиенттерінің арасындағы шекараны сақтау).

Демек, кәсіби қарым-қатынас тілдерін зерттеу барысында кәсіби дискурстың жоғарыда аталған негізгі функцияларының жүзеге асуы кәсіби қарым-қатынас шеңберіндегі сөз әрекетінің құрылу ерекшеліктеріне, танымдық сипатына байланысты болады.

Дәстүрлі түрде отандық және шетелдік лингвистикада тілдің екі негізгі – танымдық және коммуникативтік қызмет атқаратыны жалпы қабылданған. Дискурстың таным құралы ретінде қарастырылуы антикалық теорияларда қалыптасты. Фома Аквинский *дискурсивті интеллект – бір заттың екінші бір заттың көмегімен танылуы* деп есептеген. В.В.Красных бойынша *ұжымдық когнитивтік кеңістік белгілі бір әлеуметтік ортада әр адамда болатын білім мен идеялардың құрылымдық жиынтығы ретінде қарастырылады* [8, 164б.].

Яғни, дискурс – бұл жаңа білім туып, қалыптасып, тұжырымдалатын мақсатты сөз әрекеті.

Көптеген ғалымдар еңбектерінде дискурс күрделі коммуникативтік құбылыс ретінде, сөйлеушінің дүниені тануын, түсінуін және реципиенттің дүниенің тілдік бейнесін көрсететін коммуниканттардың сөз және когнитивтік әрекеттерінің жиынтығы ретінде беріледі.

Қазіргі кәсіби салалар өзара әрекеттестіктің басқа салаларындай ойлауда, тілде тікелей көрініс табатын белгілі бір ерекшеліктерге ие. Жеке және арнайы қоғамдастықта кәсіби қарым-қатынас әрекетінде әмбебап, арнайы білімдер қажет болады. Арнайы бір сала қоғамдастығының кәсіби тезаурусы өзара байланысты нысандардан, құбылыстардан құралған және біршама тұрақты, өзіндік құрамға ие, нақты бір саланың, аймақтың тілдік аналогы болып табылады.

Сондықтан да, қазіргі кезде тілдік қарым-қатынасты лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу маңызды, өйткені тілдің лингвистикалық ғана емес, сонымен қатар когнитивтік аспектілерін талдау қамтылады. Осы тұрғыдан қарым-қатынастың екі негізгі бөлігін анықтауға және талдауға болады: 1) жалпы лингвистикалық аспект (кез келген қарым-қатынас, кез келген дискурс); 2) ұлттық детерминацияланған танымдық аспект (ұлттық дискурсқа қатысты, ұлттық танымдық ерекшелігін анықтау).

Басқаша айтқанда, бұл тәсіл, бір жағынан, коммуникациядағы әмбебап аспектілерді талдауға, коммуникацияға әсер ететін және оның ағымын анықтайтын барлық факторларды ескере отырып, жан-жақты талдау мен коммуникацияны оңтайлы құрылымдауға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, қарым-қатынастағы ұлттық сипатты зерттеу, қарым-қатынастың ұлттық-спецификалық компоненттерін анықтау және сипаттау, өйткені ол ұлттық психикалық-тілдік кешеннің негізгі белгілерін көрсететін құбылыстарды анықтауға және зерттеуге мүмкіндік береді, демек, қарым-қатынастың дүниетанымындағы ұлттық ерекшелігін анықтайды. Тілдік қарым-қатынасты лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастыру барысында сананың ұлттық ерекшеліктеріне тікелей қатысы бар нәрсені анықтауға, талдауға және құрылымдауға болады, атап айтқанда, контекст пен алғышарт қамтылған тілдік қарым-қатынастың когнитивтік қабатын анықтау, талдау іске асады.

Дискурс коммуникация ретінде мәтінді де, мәнмәтінді де қамтиды (референция, пресуппозиция, имплицатуралар, қорытындылар), жағдаят, тақырып, ақпараттық құрылым, когезия мен когеренция, дүниені тану, білу (фреймдер, сценарийлер, сызбалар, ментальды үлгілер, менталдық кеңістіктер) қарастырылады [9, 266.].

Менталдық-тілдік кешеннің ұлттық ерекшелігі когнитивтік бірлік болып табылатын сананың фреймдік құрылымы сияқты бірлік көмегімен құрылымдалады. Фреймдік құрылымдар когнитивтік құрылымдар арқылы қалыптасады.

Қазіргі лингвистикада кәсіби қарым-қатынас ұғымдарын және олардың фреймдік құрылымын анықтау мен талдауға, концептуалды модельдерді талдауға, концепт саласының немесе пәндік аймақтың құрылымын сипаттауға,

менталдық кеңістікті, әлемнің кәсіби бейнесін зерттеуге маңызды орын беріледі.

Ең алдымен фреймге тоқталсақ, бұл категория білім саласына жатады, белгілі бір білім құрылымы болып табылады. Н.Н.Болдыревтің түсінігінде, фрейм *мәдени тұрғыдан анықталған, канонизацияланған білімнің үлгісі* [10, 62б.]. Бұл білім қоғам үшін, ең болмағанда қоғамның бір бөлігі үшін ортақ болуы басты шарт. Бұл адам өмірінің кез келген саласындағы білім құрылымы болып табылады, яғни стереотиптік, тақырыптық біртұтас жағдай. Сонымен, фрейм белгілі бір қоғам мүшелерінің көпшілігіне белгілі білімді бейнелейтін, қоғамның кез келген мүшесі оңай және жылдам тани алатын тұрақты, шартты белгілерді қамтитын білім түрі ретінде анықталады.

Фреймнің біртұтас, икемді және қозғалмалы сипаты да анықталып отыр. Фреймнің айрықша белгісі ретінде категориялау, тұжырымдау үрдістерімен байланыстылығы көрсетілуде. Фреймдер ақпаратты ұйымдастыруға, есте сақтауға және талдауға мүмкіндік береді. Олар біліміміз бен тәжірибемізді қамтитын белгілі бір құрылымды білдіреді. Фреймдерге негізгі ұғымдар, олардың арасындағы байланыстар кіреді. Фреймдер жаңа ақпаратты тез және тиімді түсінуге және түсіндіруге көмектеседі. Өйткені біз оны бар фреймдермен байланыстыра аламыз және жаңа ақпаратты талдау үшін бұрынғы біліміміз бен тәжірибемізді пайдалана аламыз. Бұл ақпаратты неғұрлым ыңғайлы және жүйеленген түрде, құрылым түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Олар иерархиялық түрде құрылады, мұнда кейбір фреймдер басқа фреймдердің ішкі жақтаулары болып табылады. Жалпы алғанда, фрейм функциялары белгілі бір объект немесе ұғым туралы білімді жақсырақ түсінуге және жүйелеуге, бұл ақпаратты тапсырмалар мен мәселелерді шешу үшін пайдалануға және білімді неғұрлым тиімді және жүйелі түрде басқаруға көмектеседі.

Сонымен қатар, ғылыми сипаттамаларда фрейм құрылымы жиі иерархиялық түрде беріледі: жоғарғы деңгейден төменгі, терең деңгейге қарай бағытталған және тұжырымдама өзегі мен перифериясы бар үлгі түрінде көбірек сипатталған. Сонымен, фрейм ретінде жоғары дәрежелі когнитивтік құрылым, ұғымдар арасындағы өзара әрекеттесу түрі, менталдық кеңістікті ұйымдастыру түрі қабылдануда.

Фреймдік құрылымдар түрінде прецедентті құбылыстар, стереотиптер, репрезентациялар т.б. санада сақталады. Прецеденттік құбылыстарға прецеденттік жағдай, прецеденттік мәтін, прецеденттік атау және прецеденттік мәлімдемелер т.б. жатады. Прецеденттік құбылыстар өзегі сананың фреймдік құрылымы түрінде кристалданады, ал перифериясы мәдени маңызды жақтауды және ұлттық мәдени кеңістікті қамтиды.

Кәсіби дискурстағы кәсіби қауымдастықтың іс-әрекетінің жалпы бейнесін ауқымды фреймдер көрсете алады, мұндай фреймдер ең алдымен кәсіби саланың арнайы мақсаттарын, содан кейін арнайы қатысушыларын және арнайы хронотопты қамтиды. Мысалға авиация саласын алсақ, әрине, ең алдымен жинақ ұғымдар ретінде ұшу, жеткізу, ұшақ, ұшқыш, жолаушы, әуе

кеңістігі, аэропорт т.б. фреймдер қарастырылады. Мұндай фреймдер бүкіл менталдық кеңістікті құрушы материал болып табылады.

Аталған фреймдік құрылымдар менталдық кеңістік құрады. *Менталдық кеңістік* термині, сондай-ақ менталдық кеңістік теориясын 1980 жылдары Дж. Фоконье ұсынған [11]. Фоконьенің пікірінше, сөз әрекеті немесе оқу үрдісінде адам жеке тұлға ретінде өз ойында өзі өңдейтін ақпаратты уақытша орналастыруға арналған *кеңістіктер* құрайды. Бұл менталдық кеңістіктер дискурсивті әрекет кезінде нақты уақыт режимінде құрылады және диалогқа қатысушылардың жедел жадында сақталатын түрлендіріліп отыратын когнитивтік құрылымдар болып табылады. Фоконье, бұл кеңістікті *сахна сыртындағы таным* аймақтары деп атады, әдетте бұлар жалпы сценарийлер негізінде жасалатын менталдық құрылымдар. Формальды түрде менталдық кеңістіктер (a, b, c...) элементтері және олардың арасындағы (R 1 ab, R 2 ad, R 3 cbf...) қатынастар бар реттелген жиындар ретінде анықталады, жаңа элементтерді қосуға ашық қатынастар ретінде қарастырылады [12]. Мазмұндық аспектіде менталдық кеңістіктер жағдаяттардың (нақты немесе гипотетикалық) модельдерін адамға түсінікті формада көрсетеді. Менталдық кеңістіктердің мысалдары:

–қазіргі жағдай ;

–гипотетикалық жағдайлар, өткен және болашаққа қатысты жағдайлар (біз оларды түсінетін немесе елестететін жағдайлар),

–ойдан шығарылған жағдайлар (мысалы, көркем және кинематографиялық көріністер);

–пәндік салалар (мысалы, экономика, саясат, математика және т.б.) [13].

Адамның қарым-қатынасының сәттілігі әңгімелесушілер құрастырған кеңістік конфигурацияларының ұқсастық дәрежесіне байланысты. Бұл ұқсастық түсінудің тілдік аспектілерімен ғана анықталмайды, өйткені лингвистикалық аспектілерден басқа, менталдық кеңістіктердің құрылысына көптеген экстралингвистикалық факторлар әсер етеді (фондық білім, қол жетімді схемалар, прагматикалық ақпарат және т.б.). Осылайша, Фоконье үшін тіл мен дүние арасындағы байланыс әрқашан адамның ойлауымен жүзеге асады, өйткені біз әдетте *шындық* деп атайтын нәрсе шын мәнінде сөйлеушінің шындықты ойша бейнелеуі болып табылады.

Дискурс барысында менталдық кеңістіктер арасында көптеген байланыстар орнатылады – уақыттық, кеңістіктік, гипотетикалық т.б. Кәсіпке қатысты менталдық кеңістіктерді қарастырсақ, мұнда барлық фреймдер бірігеді және де олар икемді конфигурацияларға біріге отыра, кез келген уақытта қажетті өзгерістерді енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ете алады, сондай-ақ барлық менталдық кеңістіктерге еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Менталдық кеңістіктер көп жағынан дәстүрлі когнитивтік үлгілерге (кадрлар, сценарийлер) ұқсас: екеуі де нақты немесе ойдан шығарылған әлемнің әртүрлі салаларына сәйкес келеді. Менталдық кеңістіктер фреймдер арқылы құрылымдала отырып (мысалы, кәсіп фреймі, құзыреттілік фреймі, тәжірибе фреймі, кәсібилік фреймі т.б.) дискурста объектілердің нақты рөлдерімен және сипаттарымен толтырылады. Менталдық кеңістік басқа когнитивтік

құрылымдар сияқты фондық білімге негізделгеніне қарамастан, олар біздің санамызға дайын құрылымдар түрінде енбей, дискурсты тудыру барысында жаңадан пайда болады, жаңадан құрылады. Менталдық кеңістіктерді біріктіру нәтижесінде *гибридтік* немесе біріктірілген кеңістіктер пайда болуы мүмкін, олар бірнеше бастапқы кеңістіктерден рөлдер мен сипаттарды иемденіп, өзіндік құрылымға және жаңа сипаттарға ие болады.

Кәсіпке байланысты фреймдер біріге, толығы отырып жеке менталдық кеңістік құрайды. Әр кәсіп саласы өз менталдық кеңістіктерімен ерекшеленеді, мысалға алсақ, авиация кәсібінің фреймдері өз салалық менталдық кеңістіктерін құрайды: ұшу қауіпсіздігі (ұшқыш, кәсіби құзыреттілік, ұшу ережелері, ұшақ жағдайы, техникалық паспорт, кеден қызметі...); ИКАО (авиация, әуе тасымалы, халықаралық ұйым, ережелер, ұшу қауіпсіздігі, ережелерді ұстану, талаптар, нормалар, стандарттар, өлшем бірліктері...); әуе қатынасы (ұшқыш, әуе көлігі, кәсіби құзыреттілік, ұшу ережелері, ұшақ жағдайы, ұшу қауіпсіздігі...); әуе көлігі (ұшақ, аэродинамика, аэронавигация, аэропорт, аэродром...).

Менталдық кеңістіктердің негізгі қызметін қарастырсақ, бұл тақырыпқа қатысты ақпаратты, сондай-ақ сөз әрекеті барысында ақпараттың түрленуінің нәтижелерін уақытша сақтау болып табылады.

Менталдық кеңістіктер динамикалық және өзгермелі, сондықтан тұрақсыз. Ең бастысы, менталдық кеңістіктер шынайы әлемді көрсетуге арналмаған, ойша құрылған субъективті құрылымдар болып табылады. Дегенмен, когнитивтік лингвист ретінде Фоконье, шынайы әлем диалогқа қатысушылардың менталдық кеңістіктерінің құрылымына конструктивті әсер ете алатынына назар аударды (Fauconnier, 1994). Менталдық кеңістікті құру үшін шынайы кеңістікпен қарым-қатынас тәжірибесінен алынған *кеңістіктік тіл* қолданылады, яғни сөз әрекеті барысында сөз серіктестерінің менталдық әлемінде құрылған менталдық кеңістіктің құрылымы табиғи вербалды тілді ұйымдастыру және сөз құру ерекшеліктерімен анықталады. Ал әр тілде көптеген жүздеген ұрпақтар арқылы қалыптасқан ақпарат легі бар. Бұл ақпарат легі адамның менталдық әлемінде орын алған және де бұл менталдық кеңістік динамикалы, өзгермелі, толықтырылып, түрленіп отырады, онсыз сөз мазмұны дұрыс түсінілмейді. Сондықтан, тіл, сыртқы әлемге тиесілі және субъектінің менталдық әлеміне жататын менталдық кеңістіктің құрылысын анықтайды. Осылайша, сыртқы дүние ішкі, психикалық әлемде жасалған оқиғаларға бақылаушы әсер етуді жалғастырады.

Жекелеген әлеуметтік-кәсіптік топтардың менталдық кеңістігі бүкіл тілдік қауымдастық менталдық кеңістігінен айтарлықтай өзгеше болады (мысалы, авиация саласына қатысты аумақ). Кез келген мамандық қолданатын тіл – жеке тұлғаларды стереотиптеуге және әртүрлі туындаған міндеттерді шешуге бейім жалпыланған және тарихи жіктелген өнім. Белгілі бір кәсіби орта жалпы қоғамда танылған ұғымдар, түсініктер, идеяларды т.б. қабылдайды, бірақ оларды өз кәсіби ортасына ғана тән өзіндік ерекшеліктерімен толықтырады (мысалы, авиацияда өз ұшу, әуе тасымалы қауіпсіздігі, ережелері, нормалары, стандарттары т.б. қарастырылған).

Сонымен қатар, авиацияда осы сала қызметкерлері үшін ғана түсінікті, ортақ сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, фразеология қалыптасқан. Авиация халықаралық тілі ағылшын тілі болғандықтан, авиацияда ағылшын тіліндегі аббревиатуралар кеңінен қолданылады және де осы аббревиатуралар сала қызметкерлері үшін түсінікті, қолданыста ыңғайлы, қысқа болып табылады, бірнеше мысалдар келтірсек: POB (Persons on Board) – әуе кемесі бортындағы жолаушылар, ATA (Actual Time of - Arrival) – нақты келу уақыты, NOSIG (No Significant Changes) – маңызды өзгерістер болмауы, PROB (Probably) – мүмкін, ықтимал, ATC (Air Traffic Control) - Әуе қозғалысын басқару және т.б.

Әуе-әуежай радиоалмасуында мынадай қысқа да, нұсқа фразалар қолданылады:

ADVISE –Хабарлаңыз.

APPROVED – Рұқсат етіледі, яғни белгілі бір іс-әрекетке рұқсат беріледі.

"BREAK" – мәтін бөліктері арасында нақтылау үшін үзіліс жасау қажет болған кезде қолданылады.

CANCEL - Бұрын берілген рұқсат жойылады.

"CHECK" – бұл «Жүйе жұмысын тексеріңіз» деген мағынада ғана қолданылады.

«MAYDAY» - апат туралы хабарлама, апат жағдайында «MAYDAY» үш рет айтылуы тиіс.

NEGATIVE – Жоқ немесе Рұқсат етілмейді.

“PAN PAN” – әдетте, жедел (қауіпті) жағдаятта үш рет айтылады

"ROGER" – Түсінікті, «Ия» не «Жоқ» жауаптары күтілген кездерде бұл сөзді қолдануға болмайды.

SAY AGAIN – Қайталаңыз.

STANDBY – абонент мұндай жағдайда қайта телефон соғуы тиіс, өйткені STANDBY, бұл растау(мақұлдау) да емес, бас тарту (қайтару) да емес, күтіңіз деген директива.

"UNABLE" – мүмкін емес, яғни белгілі бір себептерге, нақты жағдаятқа байланысты айтылады.

Мұндай кәсіби сөздер мен фразеология кәсіби дискурстың арнайы дискурс ретіндегі ерекше сипатын айқындайды, тіл қолданысының қозғалмалы, өзгермелі қабаты болып табылатынын көрсетеді, өйткені кәсіби сала қоғамдағы қажеттіліктерге қарай үнемі дамып, өзгеріп отыр.

Сондай-ақ, авиалайнерлерде қызметкерлер арасында кәсіби ортаға белгілі жасырын сөздер, сөйлемдер, жаргондар, белгілер, ым-ишаралар қолданылады. Осындай амалдар арқылы қызметкерлер белгілі бір туындаған мәселелерді өзара талқылай алады, шешім жолдарын қарастырады, әуе кемесінде дүрбелең, қорқыныш туындамауын және тәртіп сақталуын қамтамасыз етеді.

Бірнеше мысалдарды қарастырсақ:

- Стюардесса Францияда 5 күн өткізетіні туралы айтып жатса, бұл сөйлемде мүлде демалыс туралы емес, ұшақтағы 5F орындықтағы белгілі бір жолаушы туралы сөз болып жатыр.

- Әуе кемесіндегі жолсеріктер «Көк шырын» туралы сөз қозғаса, бұл дәретханадағы ақау туындауына қатысты мәселе қарастырылып жатыр.

• Mayday! Mayday! Mayday! Ағылшын тілінен аударғанда «Мамыр күні» деп аударылады, бірақ негізінде бұл фраза француз тіліндегі venez m'aider («маған көмектесіңдер») сөзінің ағылшынша қысқаша транскрипциясы, яғни қауіпті, қатерлі жағдаятты, көмек сұрауды білдіреді.

Мынадай сан белгілері 7500 – ұшақтың басып алынғанын, 7 600 - жерүсті қызметтерімен байланыс үзілгенін, 7700 – төтенше жағдаят орын алғанын білдіреді.

Сонымен, жоғарыда келтірілген тұжырымдамалар мен мысалдарға сәйкес, тілдегі кәсіби сөздер, сөз тіркестері, фреймдер қауымдастықтағы ортақ мақсатты көздейтін өзара әрекеттесу нәтижесінде туындайды және де ортақ репертуарлар жиынтығынан тұрады, ортақ менталдық кеңістік, қауымдастық құрайды.

Яғни, дискурс кәсіби әлеуметтенуде маңызды рөл атқарады, бұл процесс арқылы индивидтер өздерінің кәсіби рөлдерін тиімді орындау үшін қажетті арнайы білімдерді, дағдыларды, көзқарастарды, шарттар, нормалар мен қызығушылықтарды игереді.

Демек, дискурс ортақ репертуардың бір түрі ретінде өзара қатысым мен бірлескен іс-әрекет нәтижесі болып табылады. Кәсіби маманның тілдік қатысымының белгілі бір сипатта болуы, әлеуметтік тәжірибенің, қоғам дамуының, ілгерілеуінің, өзгерістерге ұшырауының нәтижесі болып табылады. Осындай факторлар себептерінен белгілі бір фреймдер, кәсіп атаулары, кәсіпке байланысты ұғымдар, сөздер пайда болады немесе қолданыстан шығады. Яғни кәсіби дискурсты талдай отыра мұндағы өзгерістерді, даму бағыттарын айқындай аламыз, кәсіби дискурсты қажетті деңгейде, әрі талапқа сай құра аламыз.

Кәсіби қарым-қатынасты іске асыру сөз серіктестерінің қатысымға өзара бейімделуін қажет етеді, мұнда сөз стратегиялары мен тактикаларын, тілдік құралдарын барабар таңдау және оларды дұрыс қолдана алу қажет, тек осындай жағдайда ғана тілдік қатысым өз мақсаттарын, интенцияларын толық түрде жүзеге асыра алады.

Қорытынды

Сонымен, қорытындылай кетсек, зерттеу барысында кәсіби дискурс аясындағы сөз әрекеті когнитивтік лингвистика парадигмасы тұрғысынан қарастырылды. Лингвокогнитивтік зерттеулер антропоцентристік тұрғыдан жүзеге асырылады, бұл ғылыми объектілердің адам өміріндегі атқаратын рөліне байланысты зерттелетінін, зерделеу объектісі мен пәні қандай болса да, назардың адамға бағытталғанын білдіреді.

Кәсіби дискурс кәсіби мамандардың сөз ерекшеліктері және де кәсіби топ мәтіндерінің жиынтығы болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Яғни, кәсіби дискурс белгілі бір мамандық аясында жүзеге асырылады, ал кәсіби топ немесе қоғамдастық институционалдық құрылым ретінде анықталады.

Кәсіби салалардағы өзара тілдік әрекеттестік барысында арнайы білімдер, кәсіби тезаурус қажет. Кәсіби тілдік қатысым біршама тұрақты, өзіндік

құрамға ие, нақты бір саланың, аймақтың тілдік үлгісі болып табылады. Осындай қатысым барысындағы сөз әрекетінің сәттілігі сөз серіктестерінің құрастырған кеңістік конфигурацияларының ұқсастық дәрежесіне байланысты. Бұл ұқсастық түсінудің тілдік аспектілерімен ғана анықталмайды, өйткені лингвистикалық аспектілерден басқа, менталдық кеңістіктердің құрылымы да маңызды болып табылады.

Кәсіби іс-әрекеттегі қатысымды лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастыру, концептуалды құрылымдар ретінде фреймдерді, менталдық кеңістікті қарастыру қазіргі лингвистикадағы өзекті бағыттардың бірі, өйткені бұл зерттеу саласы әлі де терең зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Когнитивтік лингвистиканың жетістіктерін ескере отырып, кәсіби дискурс аясындағы сөз әрекетінің ерекшеліктерін, теориялық негіздерін зерттеу және практикалық мәселелерді шешу үшін осы саладағы ізденістер өзекті бола бермек.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Витгенштейн Л. Логикалық-философиялық трактат. – Москва, 1958. – 160 б.
- [2] Арутюнова Н.Д. Дискурс // Языкознание: Большой энциклопедический словарь. – Москва: Большая российская энциклопедия, 1998. – С.136-137.
- [3] Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация. – Москва: Прогресс, 1989. – 312 с.
- [4] Голованова Е.И. Профессиональный дискурс, субдискурс, жанр профессиональной коммуникации: Соотношение понятий // Вестник Челябинского государственного университета. Филология. Искусствоведение. Выпуск 73. – 2013. – № 1 (292). – С. 32–35.
- [5] Albertini T., Helfer J.-P. et Orsoni J., Dictionnaire de marketing. – Paris, 2001. – 200 p.
- [6] Boutet J. Le pouvoir des mots. – Paris, 2010. – 193 p.
- [7] Бейлинсон Л.С. Профессиональный дискурс: признаки, функции, нормы: дис. ... д-ра филол. наук. – Волгоград, 2009. – 325 с.
- [8] Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации: курс лекций. – Москва, 2001. – 270 с.
- [9] Сусов И.П. История языкознания. – Москва: Восток - Запад, 2006. – 295 с.
- [10] Болдырев Н.Н. Концептуальная основа языка // Когнитивные исследования языка. Выпуск IV. Концептуализация мира в языке: коллективная монография. – Москва: Ин-т языкознания РАН; Тамбов: Издательский дом ТГУ им. Г.Р.Державина. – 2009. – С. 25-77.
- [11] Fauconnier G., Turner M. The way we think: Conceptual blending and the mind's hidden complexities. – NY: Basic Books, 2003. – 464 p.
- [12] Fauconnier G. Mental spaces: Aspects of meaning construction in natural language. – Cambridge: Cambridge University Press, 1994. – 190 p.
- [13] Лакофф Дж. Когнитивное моделирование. Язык и интеллект. – Москва: Прогресс, 1996. – С. 143-182.

REFERENCES

- [1] Vitgenshtejn L. Logikalыk-filosofijalyk traktat [Logical-philosophical treatise]. – Moskva, 1958. – 160 b. [in Kaz.]
- [2] Arutjunova N.D. Diskurs // Jazykoznanie: Bol'shoj jenciklopedicheskij slovar' [Discourse]. – Moskva: Bol'shaja rossijskaja jenciklopedija, 1998. – S.136-137. [in Rus.]
- [3] Van Dejk T.A. Jazyk. Poznanie. Kommunikacija [Language. Cognition. Communication]. – Moskva: Progress, 1989. – 312 s. [in Rus.]

- [4] Golovanova E.I. Professional'nyj diskurs, subdiskurs, zhanr professional'noj kommunikacii: Sootnoshenie ponjatij [Professional discourse, subdiscourse, genres of professional communication: the interrelation of notions] // Vestnik Cheljabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologija. Iskusstvovedenie. Vypusk 73. – 2013. – № 1 (292). – S. 32–35. [in Rus.]
- [5] Albertini T., Helfer J.-P. et Orsoni J., Dictionnaire de marketing. – Paris, 2001. – 200 p.
- [6] Boutet J., Le pouvoir des mots. – Paris, 2010. – 193 p.
- [7] Bejlinson L.S. Professional'nyj diskurs: priznaki, funkcii, normy: dis. ... d-ra filol. nauk. [Professional discourse: characteristics, functions and norms]. – Volgograd, 2009. – 325 s. [in Rus.]
- [8] Krasnyh V.V. Osnovy psiholingvistiki i teorii kommunikacii: kurs lekcij [Basics of psycholinguistics and the theory of communication: lecture course]. – Moskva, 2001. – 270 s. [In Russian]
- [9] Susov I.P. Istorija jazykoznanija [The history of language studies]. – Moskva: Vostok - Zapad, 2006. – 295 s. [in Rus.]
- [10] Boldyrev N.N. Konceptual'naja osnova jazyka [Conceptual base of language] // Kognitivnye issledovanija jazyka. Vypusk IV. Konceptualizacija mira v jazyke: kollektivnaja monografija. – Moskva: In-t jazykoznanija RAN; Tambov: Izdatel'skij dom TGU im. G.R.Derzhavina. – 2009. – S. 25-77. [in Rus.]
- [11] Fauconnier G., Turner M. The way we think: Conceptual blending and the mind's hidden complexities. – NY: Basic Books, 2003. – 464 p.
- [12] Fauconnier G. Mental spaces: Aspects of meaning construction in natural language. – Cambridge: Cambridge University Press, 1994. – 190 p.
- [13] Lakoff Dzh. Kognitivnoe modelirovanie. Jazyk i intellekt [Cognitive language studies. Language and intelligence]. – Moskva: Progress, 1996. – S. 143-182. [in Rus.]

РЕЧЕВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ДИСКУРСА

Шалшыкбаева Г.О.¹, *Бактиярова Р.М.²

^{1,*2} КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. В наши дни профессиональная деятельность является важной частью жизни человека. Сложность и многогранность профессиональной деятельности приводит к значительной вариативности речи, поскольку сегодня эта область постоянно развивается. Основная цель статьи – определить тенденции трансформации профессионального дискурса путем изучения аспектов речевой деятельности в рамках профессионального дискурса. Коммуникация в процессе профессиональной деятельности составляет важную часть речевой деятельности в целом, поэтому изучение речевых особенностей в профессиональной деятельности имеет научное и практическое значение. К основным направлениям исследования профессионального дискурса в современной лингвистике относятся природа профессиональных языков, лингвистические и когнитивные особенности текста. В ходе изучения языков профессионального общения определено, что реализация основных целей профессионального дискурса зависит от особенностей речевого акта и когнитивного характера в профессиональном общении профессиональной языковой среды.

В статье рассматриваются аспекты профессионального дискурса с позиций методологии когнитивной лингвистики, то есть дискурс рассматривается как целенаправленный речевой акт, новые знания которого формулируются в процессе познания мира. Рассматривая дискурс с лингвокогнитивной точки зрения, определяется и анализируется когнитивный слой языкового общения, включающий в себя контекст и предпосылку. Когнитивно-дискурсивный анализ включает в себя анализ обстоятельств

речевого акта, поскольку контекстуальная среда влияет на выбор языковых средств при коммуникации.

В статье определяются и анализируются основные понятия профессиональной коммуникации и когнитивные структуры, как фреймы и ментальные пространства. Осуществление профессионального общения требует взаимной адаптации речевых партнеров к общению, при этом необходимо выбирать адекватные языковые средства и уметь правильно ими пользоваться, только в этом случае языковое общение сможет в полной мере реализовать свои цели и задачи.

Теоретическая и практическая ценность исследования в том, что определяются возможности оптимального структурирования коммуникации профессионального дискурса с учетом всех факторов влияющих на профессиональную коммуникацию. Исследование теоретических и практических аспектов, связанных с формированием и развитием профессионального дискурса, актуально и важно для решения проблем профессиональной коммуникации. То есть, анализируя профессиональный речевой акт и его особенности с лингвокогнитивной точки зрения, можно под новым ракурсом изучить теорию дискурса, а также определить особенности профессиональной речи в процессе профессиональной коммуникации.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, профессиональный дискурс, лингвокогнитивное исследование, профессиональная коммуникация, фрейм, ментальное пространство, контекст, познание

SPEECH FEATURES OF PROFESSIONAL DISCOURSE

Shalshykbaeva G.O.¹, *Baktiyarova R.M.²

^{1,*2} Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Nowadays, professional activity is an important part of human life. The complexity and versatility of professional activity leads to significant variability in the use of words, since this area is currently constantly evolving. The main goal of the article is to determine the trends in the transformation of professional discourse by studying the aspects of speech activity within the framework of professional discourse.

Communication in the process of professional activity is an important part of speech activity in general, therefore, the study of speech features has theoretical and practical significance. The main areas of research of professional discourse in modern linguistics include the nature of professional languages, linguistic and cognitive features of the text. In the course of studying the languages of professional communication, it was determined that the implementation of the main goals of professional discourse depends on the features of the formation of the speech act in professional communication, and cognitive nature.

The article considers aspects of professional discourse from the standpoint of the methodology of cognitive linguistics. Discourse is a purposeful speech act in which new knowledge is established and formulated in the process of learning the world. In the process of examining discourse from a linguacognitive point of view, the cognitive layer of language communication is defined and analyzed, including the context and premise. Cognitive-discursive analysis includes the analysis of the circumstances of the speech act, since the contextual environment affects the choice of language means. The implementation of professional communication requires mutual adaptation of speech partners to communication. Therefore, it is necessary to choose adequate language means and to be able to use them correctly. Only in this case language communication can fully realize its goals and objectives.

The theoretical and practical value of this study lies in the fact that the article examines the possibilities of optimal and effective communication in professional discourse, taking into account all the factors influencing professional communication.

The study of theoretical and practical aspects related to the development of professional discourse is relevant and important for solving the problems of professional speech activity.

Keywords: cognitive linguistics, professional discourse, linguistic-cognitive research, professional communication, frame, mental space, context, cognition

Мақала түсті: 24 мамыр 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Шалшыкбаева Гулбахыт Оспанбаевна – 2 курс докторанты, 8D02322-Шетел филологиясы мамандығы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, e-mail: gulbakhit_69@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7829-4895>

Бактиярова Райгуль Муратовна – PhD, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, e-mail: rai_bah@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1041-8331>

Информация об авторах:

Шалшыкбаева Гулбахыт Оспанбаевна – докторант 2го года обучения, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, e-mail: gulbakhit_69@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7829-4895>

Бактиярова Райгуль Муратовна – PhD, ассоциированный профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, e-mail: rai_bah@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1041-8331>

Information about the authors:

Shalshykbayeva Gulbakhyt – Teacher, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, e-mail: gulbakhit_69@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7829-4895>

Baktiyarova Raigul – PhD, Associate Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, e-mail: rai_bah@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1041-8331>